

Аңдатпа

Бұл мақалада білім берудегі АКТ-ның рөлін аша отырып, информатика пән мұғалімдерін дайындаудағы «Компьютерлік графика» курсының орны, компьютерлік графиканың түрлері мен оқытудың әдістері сарапталады. Компьютерлік графиканы оқытудағы қазіргі педагогика саласындағы негізгі өзекті мәселе - оқушылардың, студенттердің ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан, сабақ барысында кеңінен деңгейлеп, дамыта оқытудың жобалау әдісін қолдалану және оның тиімділігі қарастырылған.

Негізгі сөздер: компьютерлік графика, жобалық технология, жоба, жобалық қызмет, графикалық ақпарат, шығармашылық.

Abstract

This article discusses the role of ICT in education, the place of the course "Computer Graphics" in the training of computer science teachers, examines the types and methods of teaching computer graphics. It also examines the effectiveness of the application of the design method in solving such a major problem in the field of modern pedagogy - the introduction of students and schoolchildren to the independent performance of work, the development of mental abilities, skills in the formation of their thinking.

Key words: computer graphics, project technology, project, project activities, graphic information, creativity.

ҒТАМР 14.01.11

А.Х.Нұрманова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
2-курс магистранты
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: aimok_96.04@mail.ru

12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУГЕ БЕЙІНДІК МЕКТЕПТЕРДІҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада 12 жылдық білім беруге көшуге бейіндік мектептердің атқаратын рөлі туралы айтылған. 12 жылдық мектептің басты ерекшелігі қарастырылып, сатыларға бөлінген. Бейінді оқыту, жалпы оқыту процесінің құрылымын, мазмұны мен ұйымдастырылуын, жалпы орта білім бағдарламасының жеке пәндерін тереңдете оқыту керек екені туралы айтылған.

Негізгі сөздер: бейінді оқыту, мектеп, технология, әдіс, дамыта оқыту.

Қазіргі заман – білім беру азаматтың ортақ мүлігіне айналған дәуір болып есептелінеді. Бір жерде жаңалық ашылса, ол басқа жерде тез қолданысқа енуде. Әрбір азаматтың міндеті дүние жүзіндегі жаңалықтар мен дамуларды назарға ала отырып, одан да жақсысын, тиімдісін үйрену. Өйткені ғасырымызда барлық саланың даму қарқыны өте жедел жүзеге асуда. Ал дамудың негізі – білімде. Қазақстанда қазір білім берінің ұлттық моделін орнату жүріп жатыр. Бұл процесс білім беру парадигмасын өзгертумен қатар жүргізілуде. Жалпы білім беретін мектептерде қазіргі таңда білім берудің дәстүрлі түрлерін өзгертуді және жаңа оқыту технологияларды пайдалану ұсынып отыр [1].

Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде 2006-2007 оқу жылынан бастап жоғарғы сатысына бейінді оқыту енгізілді.

«Бейінді оқыту» және «кәсіптік білім беру» ұғымдарын шатастыруға болмайды.

Бейінді оқыту – бұл жалпы білім беретін мектептің жоғарғы буынында оқытуды даралауға, оқушыны әлеуметтендіруге, сонымен бірге мектептің жоғарғы сатысы мен орта және жоғарғы кәсіби білім берудегі сабақтастықты жүзеге асыруға бағытталған арнайы дайындау жүйесі.

Кәсіптік білім беру деп жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің мүддесі үшін, нәтижесінде азамат сәйкес құжатпен куәландырылған нақты кәсіби мамандық алатын оқыту мен тәрбиелеудің мақсатты процесін түсінеді.

Бейінді оқытуды енгізудің мақсаты – жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарында оқушыны еңбек нарығының нақты сұраныстарын ескере отырып әлеуметтендіруге бағытталған арнайы дайындау жүйесін жасау болып табылады [2].

Бейінді оқытудың негізгі міндеті - бағдарлардың икемді жүйесін жасауға және мектептің жоғары сатысын бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беретін мекемелермен үйлестіруге келіп саяды. Сонымен бірге бейінді оқыту жеке тұлғаға бағыттала отырып, мынадай міндеттерді де шешуді қамтамасыз етуі қажет:

- жалпы орта білім бағдарламасының жеке пәндерін тереңдете оқыту;
- білім мазмұнын саралауға және әр оқушының жеке білімдік траекториясын құруға жағдай жасау;
- жалпы орта және кәсіби білім арасындағы сабақтастықты, бағдарлы сынып оқушыларын жоғары оқу орнында білімін жалғастыруға дайындауды қамтамасыз ету.

Біздің еліміздегі қалыптасқан білім жүйесі академиялы, түбегейлі деп бағаланатынын айта кетуіміз керек. Бірақ жыл асқан сайын оқу бағдарламалары бойынша 11 жылда берілетін білім көлемінің ауқымдылығы оқу жүктемесінің шектен тыс көбеюіне әкеліп, білім сапасы мен оқушылар

денсаулығына кері әсерін тигізіп отыр. Қалыптасқан бұл жағдай оқушылардың оқуға ынтасын да төмендететінін тәжірибеден байқап жүрміз. Осыған орай қазіргі білім беру тәжірибесінде білім көлемін жинақтай отырып, оқу материалын жеңілдетуді, сондай-ақ құзырлылыққа жетуге бағдарланған білім мазмұнын қарастырып отыр. Бүгінгі таңдағы еліміздің білім ұйымдарының басты міндеті – баланың денсаулығына жағымды ықпал етуді көздейтін білім беру ортасын құру. Біз өмір сүріп отырған уақыт алдыңғы толқынның заманына мүлдем ұқсамайды. Бала болашағы оның жаңа тұжырымдарды түсінуі мен қабылдай білуіне, дұрыс таңдау жасауына, бүкіл өмір бойына өзгермелі жағдайларға тез икемделе білу қабілетіне байланысты болмақ. Осыған байланысты мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талап: ойлылық, салмақтылық, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық т.б. Бұл оқушының бойында қалыптасатын түпкілікті мақсат, міндеттерін айқындауға тікелей мұрындық болады [2].

12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси, өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық институт ретінде қалыптасуында болып отыр. Оның жаңа құрылымына тоқталатын болсақ, 12 жылдық білім беру жүйесі 5+5+2 сатыларынан тұрады. Бүгінгі күні осы құрылым мен жаңа мазмұнға негізделген жалпыға міндетті білім стандарттары әзірленуде [3].

Бірінші саты – бастауыш мектеп (1-5 сынып). Білім алу 6 жастан басталады, ұзақтығы – 5 жыл. Осы жастағы балаларды оқыту біздің тәжірибемізде бұрыннан бар.

Бүгінгі күні баланы 5 жастан бастап тәрбиелейтін мектепалды даярлық бағдарламасының мектепке дейінгі мекемелерде тәжірибеге енгізілгеніне бес жылдан асып кетті. Ал алты жасар баланы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері мен практикалық тиімділігі жан-жақты зерттеліп, оқу-тәрбие процесіне енгізудің нақты қадамдары жасалуда. Оларды мектепке қабылдаудың, оның жас және жеке ерекшеліктеріне қарай жағдай жасау арқылы оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері тәжірибеге енгізіліп, еліміздің 104 мектебінде сынақ тәжірибеден өтуде.

Ал екінші саты – (6-10 сынып) жалпы орта білім беру дайындығының негізін қалап, оқушының қоғамдағы өзгерістерге сай әлеуметтік-психологиялық бейімделуі мен ғылыми дүниетанымын кеңейтуді, сондай-ақ жеке тұлғалық сапаларының қалыптасуын қамтамасыз етуді көздейді. Оқытудың бұл кезеңі оқушының үшінші сатыдағы бейіндік оқыту түрін саналы түрде таңдауына бағдар беретін бейіналды дайындықтың енгізілуімен ерекшеленеді десек, үшінші сатысында (11-12 сыныптар) бейіндік оқыту енгізіледі.

Мұндағы басты мақсат – оқытуды даралау мен саралауға бағдарланған оқытуды енгізу арқылы жоғары сынып оқушыларының қажеттілігі, қызығушылығы мен қалауына сәйкес тұлғалық және өмірлік өзін-өзі анықтауына әсерін тигізетін бейіндік оқытуды жүзеге асыруға жағдай жасау. Бейіндік оқыту идеясы өзіміз өмір сүріп отырған кезеңде қоғамды демократияландыру процестерінің әсерінен туындап отыр. Елімізде біраз уақыттан бері әлемдік білім беру жүйесіне еніп, өзіндік бағыт алған гимназия мен лицейлердің, дарынды балаларға арналған арнайы мектептердің тәжірибесі осы бейіндік оқытудың алғашқы қадамы болып саналады.

12 жылдық жалпы орта білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі мынадай ұстанымдарды басшылыққа алады. Атап айтсақ, жеке тұлғаның жас және табиғи ерекшеліктерінің басты назарда болуы; жеке тұлғаның балалық шағының ескерілуі; барлық жұмыс оқыту мен тәрбиеге бағытталуы назарда болады.

Жоғарыда айтылған үш сатыда білім берудің материалдық-техникалық жағдай, кадрлық әлеует пен оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етуді қатаң ескере отырып, үшінші сатыдағы бейіндік оқытуды ұйымдастыру төмендегі бағыттар бойынша қарастырылады:

- *бір бейінді мектеп* – бір бейінді оқытуды іске асырады;
- *көп бейінді мектеп* – бірнеше бейінді оқытуға бағытталады;
- жалпы білім беретін мектептердегі, гимназиялардағы, лицейлердегі, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім ұяларындағы *бейінді оқыту сыныптары* ашылады .
- өңірлік ресурстық орталық-материалдық және кадрлық әлеуеті жеткілікті, басқа мектептер бейіндік оқытуға пайдалана алатын мүмкіндігі бар білім беру ұйымы болып табылады. Ресурстық орталықтар жоғары оқу орындарының, колледждердің немесе білім беру орталықтары жанынан ұйымдастыруына болады.
- *сырттай оқытатын және кешкі мектептердегі бейіндік оқыту* еліміздің ЖОО, облыстық біліктілікті арттыру институттары жанынан ашылған бейіндік мектептер мен ресурстық орталықтардың базасында жүзеге асырылады.
- елді мекендерде шалғай ауылдан келетін оқушылардың тұруына мынадай жағдайлар жасалады:
- ауыл балаларына арналған бейіндік оқытудың барлық түрі қамтылған мектеп-интернат;
- интернат бағыттарындағы пансионат – шағын комплектілі ауыл мектептерінен келген оқушыларды таңдаған бейіндеріне немесе ресурстық жағдайына қарай аудан орталықтарында ұйымдастырылған орта мектептері.

Елімізде 2005 - 2010 жылдар аралығында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында және отандық 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында бейінді оқытудың үш бағыты анықталған: оның біріншісі, жаратылыстану-математикалық, екіншісі, әлеуметтік-гуманитарлық, үшіншісі, технологиялық. Бұл бағыттардың мазмұны арнаулы бейіндік

курстар жиынтығынан тұрады. Демек, кез келген мектеп оқушысының өз білім жолын таңдауына, жергілікті мектеп желісінің ерекшеліктеріне және кадрлық құрамына қарай білімін жан-жақты тереңдетуіне мүмкіндігі бар.

Жаңа оқу жылынан бастап, әрбір облыс, аудан орталықтарында, қалаларда, ауылдық жерлерде бейіндік оқытуды сынақ-тәжірибеден өткізуге арналған эксперименттік алаңдар – бейіндік мектептер нақтыланып, бағдарламасы әзірленуде. Қазақстандық білім беру жүйесінде оқушының білімін тек қана 5 балдық шкаламен бағалау көп уақыттан бері қалыптасып қалғанмен, білім беру жүйесіндегі түбірлі өзгеріс, білім мазмұнын жаңарту процесі оқушының білімін бағалауда түбегейлі өзгертулерді талап етеді. Осыған орай, тәжірибелі ғалымдардың, озат педагогтардың қатысуымен оқушының білімін бағалаудың жаңа жүйесінің жобасы дайындалуда. Сондай-ақ, біздің мекеменің ғылыми қызметкерлері білім сапасын бағалаудың ұлттық орталығымен бірлесе отырып, шетелдік тәжірибелерді де түбегейлі қарастырып жатыр.

12 жылдық оқыту жүйесіне байланысты айтылып жатқан сан алуан пікірлерге келсек, халық арасында түсінбеушілік тудырып отырған басты мәселе, бала жасына байланысты болып отыр. Қазіргі оқыту жүйесінде бала мектепке 7 жастан барып, орта мектепті 16-17 жасында аяқтайды. Ал 12 жылдықта да солай болады. Бала 6 жастан мектепке барады. 16-17 жасында мектепті бітіреді. Бала жасына байланысты өзгеріс – оның мектепке бір жыл ерте баруында ғана [4].

12 жылдық білім беру жүйесіндегі басты артықшылық – баланың тек қана білім алып ғана қоймай, бейімі мен икемділігіне, таңдайтын мамандығына қарай алғашқы кәсіби бағдар алып шығуында жатыр. Яғни, 11-12 сыныптардағы білім мазмұны оқушының жоғары оқу орнының алғашқы курстарында алатын білім мазмұнымен кіріктіріледі. Оқушы мен оқытушы арасындағы өзара түсіністік пен ықпалдастыққа негізделген оқыту процесі оқушының ойлау жүйесінің дамуына, құндылық бағдарының айқындалуына, қарым-қатынас жасай білу дағдысының қалыптасуына игі ықпал етеді. Нәтижесінде оқушының танымдық қабілетінің деңгейін өсіріп, ойлау қабілетін арттырып, ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны талдап, өзіндік тұжырым жасай алатын дәрежеге қол жеткізеді. Бұл үрдіс 12 жылдық білім беру жүйесінде білім мазмұнын түбегейлі жаңартумен қатар, оқытудың тың әдістемесін дүниеге әкеледі. Әрине, бұл құнды идеялардан туындайтын жаңа оқыту технологияларын енгізуді талап етері сөзсіз. Дегенмен әлемдік қолданыста оң нәтижесін көрсетіп келе жатқан кредиттік технология сияқты, бұл да өз шешімін береді деген үміт үлкен.

Президентіміз айтқандай, білім реформасы «біздің мемлекетіміздің әрбір азаматы тиісті білім мен біліктілік алған соң әлемнің кез келген елінде сұранысқа ие маман бола алатын» деңгейге жетуі тиіс [5].

Қорыта айтқанда, 12 жылдық білім беруге көшу еліміздің білім саясатындағы келелі мәселелерді шешуде нақты қадам болып табылады. Білім беру құрылымы мен мазмұнының түбегейлі жаңаруы еліміздің

болашағына ие болар білікті жастардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ете отырып, қазақстанның өркениетті ел ретінде дамыған 50 елдің қатарынан орын алуына кепіл бола алады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Ахметова А., Ақтаубаева Ж.Х. Оқу үрдісінде жаңа технологияны қолданудың теориялық негіздері/ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы/ №1 (44), 2017 ж, 120 б.

2 Кенесбаев С.М., Нурманова А.Х. Мектепте информатика пәнін бейіндеп оқытудың педагогикалық-әдістемелік жолдары/ ҚР БҒМ Өрлеу БАҰО АҚ Филиалы Алматы облысы бойынша ПҚ ББИ / Білім және ғылымдағы инновациялар тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, 22-23 қараша 2018 жыл-ISBN 978-601-276-570-0, 393-396 б.

3 Сағымбаева А.Е. Білімді тексерудің тестілік әдістемесі. // Информатика негіздері. №2. 2002. Б. С.15-17

4 Кенесбаев С.М., Педагогикалық және компьютерлік технологиялардың өзара байланыстарының дидактикалық шарттары/ «Педагогика мен психологиядағы қазіргі тенденциялар: теориядан практикаға» атты шетелдік ғалымдардың қатысуымен өткізілетін ғылыми-практикалық конференция жинағы Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, 2013 ж, 143-145 б.

5 Койшигулова Л.Е., Уркимбаева Г. Білім алушылардың шығармашылық іс – әрекетін қалыптастыруда жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері/ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы/ №1 (44), 2017 ж, 135 б.

Аннотация

В данной статье говорится о роли профильных школ при переходе на 12 летнее образование. Рассмотрены основные особенности школ с 12 летним обучением, разделены на поэтапные ступени. В этой работе рассматриваются методы профильного обучения в целостном процессе образования, построение структуры организации и содержания в преподавании углубленных методических предметов.

Ключевые слова: профильное обучение, школа, технология, метод, развивающее обучение.

Abstract

This article describes the role of specialized schools in the transition to a 12year education. The main features of schools with 12year education are considered, divided into gradual stages. This paper examines the methods of specialized education in the holistic process of education, the construction of the structure of the organization and content in the teaching of in-depth teaching subjects.

Key words: profile training, school, technology, method, developing training.

FTAMP 03.01.21

Г.Салтанова., Д.Айбаров

техника ғылымдарының кандидаты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
магистранты
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: d.aiбаров@mail.ru

АТЫРАУ ӨЛКЕСІ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫ Е-КАРТАСЫН ЖАСАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада Атырау облысы территориясындағы тарихи-мәдени маңызы бар ескерткіштерді мобилді қосымшалар арқылы насихаттау үшін е-карта жасаудың маңызы баяндалады. Андроид негізінде мобилді қосымша жасау қазақстандық ішкі туризді дамытуға және ескерткіштердің әлемге танылуына әсер етеді.

Негізгі сөздер. Иманкара, Ұшқан Ата, мобилді қосымша, мәдени ескерткіштер, е-карта

Атырау облысы Қазақстанның табиғи қазба байлығымен қатар тарихи мұрасы да мол аймақтың бірі. Осындай тарихи мұралар қатарында облыс территориясындағы көне қалаларды да жатқызуға болады. Қазіргі таңда ЮНЕСКО халықаралық ұйымы негізінде қорғауға алынған дара ескерткіш ретінде Сарайшық қаласы әлемге танылып отыр.

Мемлекет басшысының 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық баяндамасында жалпыұлттық қасиеттерді насихаттау мақсатында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек», - деп атап көрсеткен болатын [1]. Осыған орай Атырау университетінің ғалымдары Атырау облысының киелі орындарының интерактивті картасы» жобасы қолға алынды. Жоба мақсаты – Атырау өңірінің қасиетті тарихи-мәдени орындарын насихаттау және халыққа танымалдылығын арттыру, тарихи ескерткіштер мен киелі орындар туралы түсініктің қолжетімділігін заманауи сандық технология көмегімен қамтамасыз ету.

Біздің тақырыбымыздың арқауы болып отырған мәселе – Атырау облысының территориясында орналасқан ескерткіштерді заманауи